

"Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 ақпан N 144

Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкімет іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, бәсекелестік дамыту және жекешелендіру процесін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясының акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын қосымшаға сәйкес тоқтатсын;

"Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясына кіретін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілсін;

"Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясы қайта құрылғаннан кейін "Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік қоғамының жарғылық қорында кейіннен жекешелендіру құқығымен қалған мемлекеттік мүлік үлесін айқындасын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясының қарыздары мен міндеттемелері жөнінде құқықтық мұрагер анықтасын;

"Ауыл құрылысы" акционерлік қоғамына Россия Федерациясының аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасына тиесілі ағаш дайындайтын кәсіпорындар (Абалаков ағаш жинау-жөнелту базасы мен "Казиркутсклес" бірлескен кәсіпорыны) мүлкінің үлестерін иелену, пайдалану және басқару құқығын табыстасын.

2. "Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясының

президенті мен байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 823 қаулысының:

"Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 қыркүйектегі N 845 қаулысының Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 36, 418-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министрі
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 ақпандағы
N 144 қаулысына
Қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері қайтарып
алынатын акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Казэлеватормелъмонтаж" АҚ, Алматы облысы;
"Элеватормельстрой" АҚ, Алматы облысы;
"Южспецсельмонтаж" АҚ, Алматы облысы;
"Қапшағайауылқұрылыс" АҚ, Алматы облысы;
"Целинсантехмонтаж" АҚ, Ақмола облысы;
"ЖБК" АҚ, Ақмола облысы;
"Керамзит" АҚ, Ақмола облысы;
"ЖБК Темір" АҚ, Көкшетау облысы;
"Темір-бетон" АҚ, Қостанай облысы;
"Строймаш" АҚ, Қостанай облысы;
"Севказремсервис" АҚ, Солтүстік Қазақстан облысы;
"ПССК" АҚ, Солтүстік Қазақстан облысы;
"Торғайауылқұрылыс" АҚ, Торғай облысы;
"Керамзит" АҚ, Торғай облысы;
"Дербес" АҚ, Торғай облысы;